



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

ретінде бір ұғымды білдіреді.

Осы жоғарыда аталған екі қасиет сөз бен дағдылы сөздерді бір-бірімен жақындастырады.

Қытай тілінің дағдылы сөздерің еркін сөз тіркесімен, сөзбен арақатынасын қарастырдық, ендігі кезекте біз дағдылы сөздер мен сөйлемдер арақатынасын талдап өтейік. Дағдылы сөздер мен сөйлем арасында лексикалық ұқсастық бар. Себебі дағдылы сөздер де жай және құрмалас сөйлем құрылымдары да кездеседі.

Ал айырмашылығына келетін болсақ, дағдылы сөздермен сөйлем лексикалық - семантикалық және синтаксистік қызмет атқару жағынан ерекшеленеді. Сөйлемнің негізгі атқаратын қызметі- коммуникативтілік. Ал, дағдылы сөздер білдіретін ұғымды астарлай, мәнерлей, тұспалдай, бейнелей отыра, лексикалық-семантикалық бірлік болып табылады.

Қазіргі уақыта қытай тілінің дағдылы сөздері жиі қолданылуда және қарқынды даму барысында. Айтылған сздің өзінен-ақ фразеологизмдер өте қиын, өте қызықты ғылым екендігін түсінуге болады. Сондықтан да бұл жасалып отырған зерттеуіміз қытай тілінің дағдылы сөздерінің ерекшеліктері мен салыстырмасын баяндаудағы ең кіші бөліктерінің бірі ғана болып табылатындығын ескергеніміз жөн. Дағдылы сөздердің сикырлы сырын ашу үшін, олардың мәселесін шешу үшін, оларды тереңдеп түсіну үшін әлі талай-талай зерттеу жасау қажет екендігі баршамызға мәлім. Дегенмен де, қытай тіліндегі дағылы сөздердің жалпы мағынасын және дағдылы сөздердің құрылымдық ерекшеліктерін, оқырманға жалпы ортақ бір мәлімет қалыптастырғаным сенемін.

Қолданылған әдебиет

1. «Джүңгуо да бай кэ чуан шу, үй ян вен цзы» (Қытайдың үлкен энциклопедиясы, тіл және жазу білімі). – Пекин: Қытай энциклопедиясының баспаханасы, 1998ж.
2. Мәсімхан Д., Әбиденқызы А. «Қытай филологиясына кіріспе»: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2002 ж.
3. Ма Гуо Фан «Yanyu – Xiehouyu – Guanyongyu» (Мақал – астарлы сөз – қалыптасқан тіркестер). –Ляонин, 1961ж.

ОӘЖ 796.855(091)

ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ «КУНГ-ФУ» ЖАУЫНГЕРЛІК ӨНЕРІ

Ажгалиева Азиза Бауржановна

esenova95@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университетінің Халықаралық Қатынастар
Факультетінің 2-курс студенті, Астана қаласы, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі - Мансүр Шолпан

Қытай Халық Республикасы - Азия құрлығында орналасқан, халықаралық аренада саяси, экономикалық, сонымен қатар мәдени беделі бар алпауыт мемлекеттердің бірі. ҚХР көршілес елдермен сан алуан сала бойынша ынтымақтастып, өзара дамып, мәдениет алмасады. Қытайдың сан ғасырларға созылған мәдениеті Тибетке, Монғолияға, Үндіқытайға, Корея мен Жапонияға да өз әсерін тигізді.Қытай халқының мәдениеті туралы сөз қозғағанда, ойымызға фэншуй, Жаңа жыл мерекесі, қытайлық ұлттық тағамдар, каллиграфия мен жауынгерлік өнері келеді.

Қытай жауынгерлік өнерінің ерекшелігі - қарсылас жақтардың тек физикалық күшке емес, рухани күшке негізделіп әрекет етуі. Қытай жауынгерлік өнерін Батыста кунг-фу/гун-фу деген атпен ассоциациялайды. *Гун-фу сөзін* қытай тілінен аударғанда, «гун» (功) *сөзі*«шеберлік», «ынталы еңбек», «күш, билік», «жетістік, нәтиже» деген мағынаны, ал «фу» (夫)*сөзі*«адам» деген мағынаны береді.[1.25]

Қытай жазбаларында«кунг-фу» *термині* XX ғасырдың өзіне дейін «қытайлық

жауынгерлік өнері» деген мағынада қолданылмаған болатын. Осы сөз қазіргі таңдағы өз мағынасында алдымен батыста XVIII ғасырда француздық миссионер *Жан Жозеф Мари Амиомен* пайдаланылған еді. Аталмыш термин 1960 жылдардың соңына дейін дерлік сирек қолданылды, ал оның жиі қолданылуына Брюс Лидің қатысуымен түсірілген Гонконгтың кунг-фу туралы фильмдерінің ықпалы зор болды. Қазіргі таңда аталмыш термин Қытайда да «қытайлық жауынгерлік өнер» мағынасында қолданылады және қытай халқының мәдени жетістігі болып саналады.

Қытайда жауынгерлік шеберліктің барлық стилі мен түрін «*Ушу*» деп бір атауға біріктіреді. Ушуға сан алуан стильдер мен жауынгерлік мектептер кіреді. Ал, қытайлық кунг-фу өнері сол практика мен теорияны ұштастыратын жүйе болып табылады. Оған өзін-өзі қорғау мен денсаулықты сақтау техникасы кіреді. Тарихи деректерге сүйенсек, кунг-фудың пайда болуын сонау алғашқы қауымдық құрылыс кезеңіне де жатқызатын зерттеушілер бар: адамдар жабайы хайуандармен күресу кезінде түрлі құралдарды пайдаланып, қорғаныстық әрекеттер жасаған. Біртіндеп осы қорғаныстық тәсілдер бір жүйеге айналды. *Шан әулеті* билікке келгенде, кунг-фу шеберлерінің дайындығы ел үшін маңызды элементтердің бірі болып саналды. *Шан әулеті* және кейінірек *Чжоудың батыс әулетінің* басқаруы тұсында (б.д.д.1045-256 жж.) жауынгерлік шеберлік би өнерінің бір үлгісі ретінде саналды. Әдетте жауынгерлік шеберлікті жауынгерлерді жаттықтыру, олардың дене шымырлығын, қайрат-жігерін арттыру үшін пайдаланылды.

Ал *Тан әулетінің* (618-907жж.) басқару кезеңінде кунг-фудың игерілуіне айрықша көңіл бөліне бастады. Аталмыш жауынгерлік саланың ең үздік өкілдері қатаң түрде таңдалды. Олар арнайы аттестациядан өтті, ең жақсы нәтиже көрсеткендер марапатталды. Бұл жауынгерлік өнердің одан әрі дамуына ықпалын тигізді. Қытайлық жауынгерлік өнер мектептері біртіндеп көптеген Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне ене бастады. Кунг-фу өнері қазіргі таңдағы кик-боксинг, каратэ, айкидо мен дзюдо сияқты жауынгерлік өнерлердің қалыптасып, дамуына ықпалын тигізді.[3.183]

Кунг-фудың дамуының шарықтау шегі *Сун әулеті*(960-1279жж.) мен *Юань әулетінің* (1279-1368жж.) басқарған кезеңіне сай келді. Осы тұста кунг-фудың беделі біртіндеп арта бастады. Кунг-фу шеберлері өз өнерлерін көрсетіп, күн-көрістерін де тауып отырды.

Кунг-фудың кейінгі даму кезеңі *Мин* (1368-1644жж) мен *Цин әулеті*(1644-1912жж) тұсында болды. Мин әулетінің басқаруы тұсында көптеген жаңа стильдер мен жанрлар қалыптасты. Жауынгерлік шеберлік туралы көптеген кітаптар басылып шықты. Ал Цин әулетінің басқаруы тұсында жауынгерлік өнерге билікпен ресми түрде тыйым салынған болатын. Осыған жауап ретінде бұқара халық құпия қызмет ететін көптеген жауынгерлік клубтар мен қауымдастықтарды құрды. Демек, Цин әулеті басқаруы уақытында жауынгерлік өнер дамуының жаңа кезеңі орын алды.

1927 жылы жауынгерлік өнер бойынша *Бас Ұлттық Ұйым* құрылды. Осы кезден бастап Қытайда жауынгерлік өнер жеке, нақты бір сала ретінде өз қызметін бастап, Азиялық ойындардың бағдарламаларына ресми енгізілетін болды.

Кунг-фу жауынгерлік өнері туралы айтқанда, осы саланың шеберлерін атамай кетуге болмайды. *Брюс Ли* (1940-1973жж.) кунг-фу өнерінің шебері болды. Көптеген адамдар оны XX ғасырдағы жауынгерлік шеберліктің ең жарқын жұлдызы деп бағалады. Брюс Ли өз жауынгерлік өнерінде кунг-фудың бір тармағы вин-чунді пайдаланды. Осыған қоса, өзге де жауынгерлік салаларды игерумен айналасып, ақырында өз жеке стилін ойлап тапты.

Джеки Чан (1954 жылы д.к.) – Гонконгтан шыққан әлемге танымал жекпе-жектің шебері, сонымен қатар актер және әнші. Джеки Чан кино саласындағы өз карьерасын Брюс Лидің фильмдерінде трюктерді қоюшыдан бастады. Қазіргі таңда ол миллиондаған адамдар үшін пір тұтатын тұлға болып саналады. Джеки Чанның ерекшелігі - жауынгерлік өнермен қатар зілсіз әзілдерді ұштастыра білуі.

Джет Ли (1963 жылы д.к.) – Пекинде дүниеге келді. Ушу бойынша 5 рет қатарынан Қытайдың чемпионы атанған болатын. 17 жасында спорт мектебін тәмәмдап, кино саласында өз күшін байқап көрмекші болды. Жауынгерлік шеберлік элементтерімен

көптеген фильмдерге түсіп, көзге көріне білді. Оның бірден бір танымал фильмдерінің бірі – «Бір күні Қытайда», осы фильмде Джет Ли атақты халық батыры Вун Фэй Хунның ролін сомдаған болатын.[2.45]

Қытайлық жауынгерлік өнер әлемнің түкпір-тіүкірінде қызығушылықты тудырып, кеңінен құлаш жаюда. АҚШ, Канада және өзге де батыс, шығыс елдерінде кунг-фу шеберлігін үйрететін мектептер көптеп ашыла бастады. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасында да кунг-фудің вин-чин тармағындағы жауынгерлік шеберлігін үйрететін мектеп алғаш рет 2011 жылы Астана қаласында ашылды. Біздің Қазақстан Республикасында да уақыт ара кунг-фу чемпионаты орын алып отырады.

Әр мемлекеттің өз тарихы, мәдениеті, өз даму жолы болады. Қытай Халық Республикасының сан ғасырларға созылған тарихы бар болғандықтан, елдің мәдени саласы да бай болып келеді. Қытай халқы жауынгерлік шеберлікке ерекше көңіл бөліп, оны жаңа сатыға көтеріп, дүние жүзіне таныта білді. Әлем Қытайдың мәдениетін мойындады. Бұл – қытайлық халық үшін үлкен жеңіс.[1.56]

Қолданылған әдебиет

1. Искусство Китая, Виноградова Н.А. 1988, 11-25, 52-56
2. История Китая. Духовная культура Китая, Мамаев И., Бар Е. 1992, 40-45
3. Китай. Краткая история культуры, Фицджеральд С.П. 1998, 179-183

УДК 811.581'342:811.512.122

ПОЛЯ ПОТЕНЦИАЛЬНОЙ ИНТЕРФЕРЕНЦИИ В ФОНЕТИКЕ КИТАЙСКОГО И КАЗАХСКОГО ЯЗЫКОВ.

Айтов Асет Абайевич

asset_aitov@mail.ru

Магистр, преподаватель кафедры китайской филологии Евразийского
Национального Университета им. Л.Н.Гумилева

Китай в последние годы является одним из самым популярных направлений во всем М мире в сфере обучения за границей, при этом только лишь уступая Англии и США. И то только лишь по причине того что сам Китай является самым большим экспортером студентами в Англию и США.

Также и для Казахстанских студентов обучение в Китае с каждым годом набирает все больше и больше оборотов, в последние годы даже стоит на первом месте среди всех других направлений обучения за рубежом по количеству ежегодно уезжающих студентов. Тем самым превышая даже такие направления как Чехия, Малайзия, Англия, США, Германия и другие популярные направления.

Вследствие такой большой тенденции роста интереса к Китаю и китайскому языку, с каждым годом в Казахстане все больше и больше китаеведов применяя разные методы анализа исследуют китайский язык, и выдвигают разного рода методы эффективного и быстрого способа овладения китайским языком.

В последние годы наиболее повышенный интерес к изучению иностранных языков в современном мире определил актуальность исследования природы акцента в речи на неродном языке. Который возникает вследствие языкового контакта, иноязычный акцент проявляется более всего на фонетическом уровне и имеет сложный характер.

Речевые ошибки на иностранном языке определяются влиянием родного языка, а также действием специфики изучаемого языка. Отклонение от нормы в речи на неродном языке, таким образом, обусловлено двунаправленным действием обоих контактирующих языков, сред и которых влияние доминирующего языка (родного), как правило, является преобладающим. Для того чтобы выявить степень влияния одного из контактирующих языков, необходимо оп